

План урока предмета Самопознание 4 класса

«Ақсу кентінің № 2 орта мектебі» ерзімі: 07.02.20 ж. № 21-сабақ

Сабақтың тақырыбы: Ар – ұждан ғылымы

Құндылық: Дұрыс әрекет

Қасиеттер: Батылдық, табандылық, уәдені орындау.

Пән мұғалімі: Омарова Сагдат Бакеновна

Сыныбы: 4 «Б»

<p>Мақсаты: Оқушыларға батылдық пен табандылық ұғымдары туралы түсінік бере отырып, дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу.</p> <p>Міндеттері:</p> <ol style="list-style-type: none">1. Білімділік: Оқушыларды табандылықпен жұмыс жасауға үйрету.2. Дамытушылық: Оқушылар бойындағы батылдық қасиеттерін дамыту.3. Тәрбиелік: Оқушыларды берген уәделерін орындай білуге тәрбиелеу.	<p>Ресурстар: (материалдар, дереккөздер)</p> <ol style="list-style-type: none">1.bilim-all.kz2.https://infourok.ru <p>¹https://angimeler.wordpress.com</p>
<p>Сабақтың барысы:</p> <p>1. Ұйымдастыру кезеңі.</p> <p>5 Т – ережесі:</p> <ol style="list-style-type: none">1. Тәртіп.2. Талап.3. Тыныштық.4. Тазалық.5. Татулық. <p>Балалар ережені есімізге түсіріп, сыныптың тәртібін сақтап, оқып - білуге талаптанып, тыныштықты орнатып, тазалықты сақтап, бүгінгі күнімізді татулықпен өткізейік.</p> <p>Жағымды күйге келу.</p> <p>“Орныңды тап “ойыны.</p> <p>Ойынның мақсаты: Сөздерге дұрыс сұрақтар қоя білу.</p> <p>Ойынның шарты: Тақтаға кім? не? қандай? деген сұрақтарды жазып қою. Бұл сұрақтарға жауап беретін сөздерді қатты қағазға жазып, оқушыларға тарату. әр оқушы тақтаға шығып, сөзіне қойылатын сұрақтың қасына барып тұрады. Бұл ойынды ұпай беріп ойнауға болады.</p> <p>2. Үй тапсырмасы.</p> <ol style="list-style-type: none">1. 24..01.2020 94-беттегі "Өрт" әңгімесін оқып мазмұндау.2. Келесі сабақ. №21, «Балмұздақ» мәтінін оқып келу. <p>Сұрақтар:</p> <ul style="list-style-type: none">• Ағай балаларға балмұздақты не үшін берді?• Мирас неліктен балмұздақтан бас тартты?• Ар-ұждан дауысын ести алуға не көмек береді?• Арлы адамның іс-әрекеті қандай болады деп ойлайсыңдар?• Сеніңше, ар-ұждан дегеніміз не? Айтып бер.	
<p>3. Сабақтың дәйексөзі.</p> <p>Пайда ойлама, ар ойла.</p> <p style="text-align: center;">Абай Құнанбаев</p> <p>- Дәйексөзден қандай ой түйдіңіз?</p>	
<p>4. Оқиға айту (Мұғалім сыйы).</p> <p>Шәкәрім Құдайбердиев Таза дене, толық мінез ой істерін керек қылады, соның қатты бір керегі – ұждан. Оны адам осы өмірі үшін ғана керек</p>	

қылмайды, соңғы өмір үшін ғана керек қылмайды, мәңгі өмір үшін де керек қылады. Атым қалсын, мені жақсы көрсін, пәленше сондай таза деген үшін емес. Ұжданның жан тілегі екеніне нанған адам өмірде істеген қиянатына қатты өкініп, күйіп, істеген жақсылығына қуанып өлсе керек. Олар нанбай, ұжданды құр ғана көрініс үшін адамдыққа лайық деп ұғатын кісіге жақсылық пен қиянаттың көп айырмасы болмаса керек. Оған бүгінгі өмірдің айла-әдісін тапса болғаны. Ұждан – өмірге бірдей керек таяныш. Бұған нана алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң тазарта алмайды.

Мәтінді оқыңдар.

Мәтін бойынша дәптерге қос жазба күнделігін толтырыңдар.

Мәтіндегі маған ұнаған тұстары	Ол тұстары маған неліктен ұнады?

5. Шығармашылық жұмыс, топпен жұмыс.

Оқушылар үш топқа бөлінеді.

2-тапсырма

Өлеңді түсініп оқыңдар. Берілген тапсырманы кезеңмен орындаңдар.

Айтбай Хангелдин

Ата ақылы

Шындық деген – ар-ұят,

Әділдік пен адалдық.

Бол ісіңе мұқият,

Қашсын десең жамандық.

Айтпа, жаным, өтірік,

Болам десең үлгілі.

Мәпелеген өсіріп,

Сен де еліңнің бір гүлі...

1-кезең. Ар-ұждан ұғымын сипаттайтын қасиеттерді анықтаңдар.

2-кезең. Ар-ұждан ұғымын сипаттайтын іс-әрекеттерді атап көрсетіңдер.

3-кезең. Ар-ұждан ұғымына төмендегі кесте бойынша өз беттеріңше қорытынды жазып, ойларыңмен бөлісіңдер.

6. Топпен ән айту.

Біз өмірдің гүліміз

Өлеңін жазған Әнуарбек Дүйсенбиев

Әнін жазған Бекен Ғизатов

Зеңгір көктен

Нұрын төккен,

Ортақ біздің күніміз.

Жайнап өскен,

Жайдары өскен

Біз – өмірдің гүліміз.

Бал достыққа,

Жолдастыққа

Шақырады әніміз.

Тыныштықта,

Нұр құшақта

Бақыттымыз бәріміз.

7. Үй тапсырмасы.

1. №21 – сабақ. 3 – тапсырманы орындау.

2. Келесі сабақ. №22, «Мұны қалай түсінеміз» мәтінін оқып келу.

8. Сабақтың қорытынды сәті.

Тыныс алуға зейін қою.

Баяу музыка қойылады.

Мұғалім: Сіздерден аяқ-қолыңызды айқастырмай, тұзу отыруыңызды өтінемін. Біз қазір тыныс алу жаттығуын жасаймыз. Тыныс алуға зейін қойған кезде, біздің ақылымыз дем алады. Ауаны ішке жұту кезінде тыныштық пен қуаныш қабылдаймыз. Демді сыртқа шығарған кезде өзіміздегі мазасыздықтарды сыртқа шығарамыз.

Кәне, дайындалайық, балалар. Көзімізді жұмамыз..., арқамызды тіктейміз..., қолдарыңды тізеге қоюға болады...

Д е м а л..... ш ы ғ а р... (жаймен 9-10 рет) немесе 1.....2 [3].

Рахмет!

Бүгінгі сабақтан игерген жақсы қасиеттерді есімізге түсіріп, жүрегімізге сақтайық.